

Уәлиханов ауданы бойынша мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 22 сәуірдегі N 134 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 23 мамырда N 13-13-141 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 27 мамырдағы N 166 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 27.05.2013 N 166 қаулысымен

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 7-бабы 5-2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 Заңының 31-бабының 1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес және жұмыс берушілердің берген өтініштері негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Ауданның кәсіпорындары мен мекемелеріндегі жұмыс орындарының жалпы санының үш пайыздық көлем мөлшерінде мүгедектерді еңбекке орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру барысында мүгедектер үшін жеке жұмыс орындарын е с к е р с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Н. Ж о л д ы б а е в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Уәхитов